

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023 – 2024 оқу жылына арналған**

ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Мерейлі» жекеменшік балабақша

Топ: «Құлыншақ» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру. Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тапқақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	Қазақ тілі	«Күз» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Бұл не?», «Жылдың қай мезгілі?» сұрақтарына қазақ тілінде жауап беруге үйрету; Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, шағын сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Күз айлары, қыркүйек, қазан, қараша, қолшатыр, күн, түн, жаңбырлы, бұлтты, сарғаяды)

		«Жемістер» тақырыбы бойынша сөздік қорларын кеңейту; «Ә», «Ө», «І», «Ү», «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Алхоры, шабдалы, апельсин, банан, қауын, қарбыз, дәруменді) Көкөністердің атауларын бекіту, «Қайда?», «Не істейді?» сұрақтарына жауап беруді үйрету. «І», «Қ», «Ү», «Ө» дыбыстарының айтылуын үйрету. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (бұрыш, шалқан, қырыққабат, аскабақ, сарымсақ, бакшада, өседі, жинайды) Апта күндерімен танысу. Балаларды жатқа айтуға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. (Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі)
	Математика негіздері	Сан, санау 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттық әлем Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа) білу, телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру Орналасыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналасыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша

		тандау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.
	Сурет салу	Заттық сурет салу. Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Сюжеттік сурет салу: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Сәндік сурет салу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.
	Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: 2) түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін; Сюжеттік мүсіндеу. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. Сәндік мүсіндеу: Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау. Балаларды халық шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету;
	Жапсыру	Заттық жапсыру: 2) текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін киноға,

	Жазығы	ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге, желімді, сүлгіні қолдануды үйрету. Сюжеттік жапсыру: 2) дөнгелектерді және сопақша пішіндерді кию дағдыларын жетілдіру. Тар жолақтарды көлденеңінен кию, шаршыдағы бұрыштарды киюды бекіту. Сәндік жапсыру. Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.
	Музыка	Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, кимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).